

Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 124 «2018-2020 жылдарға арналған Көлтабан ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодекстің 109-1-бабының 4 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 124 «2018-2020 жылдарға арналған Көлтабан ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5801 санымен тіркелген, 2018 жылғы 17 қаңтарда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - «69 313,0» сандары «64 633,0» сандарымен ауыстырылсын, оның ішінде:

трансферттердің түсімдері - «65 969,0» сандары «61 289,0» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар - «69 313,0» сандары «64 633,0» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

3. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспабасылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.